

Кустанаева А.С., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
заң факультетінің 2 курс магистранты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ТҮРКИЯ ЕЛІНДЕГІ ӘЙЕЛ ЕҢБЕГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Данная статья отражает основные проблемы регулирования трудовых отношений категории женщин в Республике Казахстан.

Ключевые слова: безопасность труда, защита трудовых отношений.

This article reflects the main problems of labor relations group of women in the Republic of Kazakhstan and Turkey.

Keynotes: safety, the protection of labor relations.

Өмірде кездесетін әлеуметтік және әлеуметтік-құқықтық проблемалардың ішінде «әйелдер мәселесі» ерекше мәнге ие, бұл мәселеге қызығушылық IX – ғасырдың бірінші жартысынан артып, қазіргі уақытта өзектіліктің жоғарғы деңгейіне жетті. «Әйелдер мәселесіне» беделді назар аударудың негізгі түрткі себебі, олардың қоғамдағы теңсіздігі болып табылады. Бұл қазіргі таңда шешілуін кідіртпейтін проблемалардың бірі.

Осы тақырыпқа байланысты әйелдердің жағдайы мәселесі алғашқы болып 1975 жылы Мексикада өткен халықаралық конференцияда талқыланды. Бұл конференцияның жиналуының алғышарты ретінде үш негізгі мақсат қойылды, сонымен қатар төмендегі аталған мақсаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының әйел мәселелерін шешудегі басты қызмет болып қалды:

- толық гендірлік теңдік пен жынысына қарай дискриминациялауды жою;
- осы қызметті жүзеге асыру кезінде олардың толық қатысуы;
- дүниежүзілік бейбітшілік сақтаудағы әйелдердің үлесін арттыру.

Қоғамдық еңбектің бір бөлігі ретінде, әйелдердің еңбегі өзіндік ерекшелігі және маңыздылығы бар жүйені құрайды. Әйелдердің еңбек үрдісіндегі еңбек қатынастары өзіндік құрылымы мен мазмұны, тұрақты даму бағыттары және құқықтық реттелуі бар қатынастар болып табылады, сондықтан оларды ерекше әлеуметтік-құқықтық санат ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, әйелдердің еңбегі ғасырлар бойы қоғамда орын алып, бірақ аяғына дейін шешілмеген «әйелдер мәселесінің» құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тақырыптың ғылыми қызығушылығы – әйелдердің қоғамдағы шынайы жағдайын сипаттайтын байланыстар мен қатынастарынан туындайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 20 қарашадағы №1677 Жарлығымен 2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан

Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы бекітілді. Стратегия мемлекеттің гендерлік саясатын жүзеге асыруға бағытталған маңызды құжат, оны іске асырудың, мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан мониторинг жасаудың құралы, демократияны дамытудың маңызды факторы болып табылады [1].

Астанада өткен 2009 жылы 5 наурызда Қазақтан әйелдерінің V форумында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда әйел азаматтардың кәсіпкерлікпен айналысуына және мемлекетті бақару істеріне қатысуына барлық жағдай жасалғанын атап көрсетті. «Үкімет 2000 жылдан бастап кәсіпкер әйелдерді қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асырып келеді. Ондаған мың әйелдер жеңілдетілген несиелер алып, өздерінің бизнестерін ашты. Алты жылдың ішінде «Шағын кәсіпкерлікті дамыту» қоры қаржысының 2 млрд. теңгесі игерілді. 2008 жылы әйелдер басқаратын 61 шаруа қожалықтары ауылдық несиелік серіктестіктер желісі бойынша несиелер алды. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры әйелдерге сомасы 3 млрд. теңгеге жуық 10 мыңдай несие берді», - деді Н.Ә. Назарбаев. Президент, сонымен қатар, Қазақстанда әйелдерге ерлермен бірге мемлекетті бақару істеріне қатысуға мүмкіндік беретін барлық жағдай жасалғанын айтып, әйелдердің саяси көшбасшылығын күшейту жөнінде ауқымды жұмыстар жүргізілгенін жеткізді.

Қазіргі уақыттағы еңбек аясындағы әйелдердің жағдайын барынша қиындататын факторларға, автордың ойынша, келесілер жатады: кәсіби қызметі мен отбасылық міндеттерін қоса атқару үшін жағдайлардың нашарлауы; әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның бұзылуы; біртіндеп бала туудың төмендеуіне алып келетін, аналық және еңбек функциясын үйлестірудегі қиындықтар; әйелдер еңбегін қорғау бойынша арнайы нормалардың бұзылуы т.б.

Әйелдер еңбегін қорғаудың теориялық және тәжірибелік мәселелерін уақытында және жан-жақты зерттеу, нарықтық қатынастар жағдайында әйелдерге ерлермен теңқұқықта еңбек етуге және осы санаттағы қызметкерлердің еңбегін құқықтық реттеудің тиімді құралдарын табуға мүмкіндік туғызады. «Әйелдер мәселесінің» әлеуметтік негіздерінің жекелеген аспектілері философтардың, әлеуметтанушылардың, экономистердің және т.б. ғылыми жұмыстарында қозғалған. Еңбек қатынастары аясында әйелдердің құқықтық жағдайын және олардың еңбегін қорғауды құқықтық реттеу мәселелері заң ғылымдары дамуының түрлі кезеңдеріндегі мына заңгер-ғалымдардың жұмыстарында көрініс тапқан: Абрамова А.А., Бекходжаев С., Данилова Е.З., Ермакова Е.В., Кожаметова Э.Г., Коршунова Е.Н., Коготкова Е., Михайлюк В.Б., Николаева Л.А., Попова Н.В., Поленина С.В. Севастьянов Г., Татарина Н.И., Томский И.Е., Толкунова В.Н., Шишкан Н.М.

Қазақстан Републикасының Президенті жанындағы адам құқықтары бойынша комиссияның «2009 жылғы Қазақстан Республикасында адам құқықтарының жағдайы туралы» есебіне сәйкес, еңбек нарығында әйелдердің

бәсекеге қабілеттігін жоғарлату бойынша шаралар қабылдануда. Халықты жұмыспен қамту органдарының тапсырмасы бойынша кәсіптік оқуды 25,9 мың әйел, оның ішінде: бірінші рет оқыған - 13,8 мың, қайта даярлауды - 9,6 мың, ұқсас екі мамандықты иемденген - 1,2 мың, біліктігін көтерген - 1,3 мың әйел және оқуды жалғастырып жатқандар - 5,4 мың әйел. Жалпы кәсіптік оқуды бітірген әйелдің ішінен 16,7 мың (64,5%) жұмысқа орналасып, сонын ішінде өзінің жеке ісін 363 әйел ашқан [2].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Парламентінде әйелдердің саны жалпы депутаттар санының 13% құрайды. Мәслихаттарда – 17,1% әйелдер. Еуропалық одақтың дамыған елдерінде биліктің өкілді органдарындағы әйелдердің саны жалпы депутаттар санының 30-33% құрайды [3].

2009 жылы Астанада өткен Қазақтан әйелдерінің V форумында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда әйел азаматтардың кәсіпкерлікпен айналысуына және мемлекетті бақару істеріне қатысуына барлық жағдай жасалғанын атап көрсетті, деп хабарлайды ҚазАқпарат. «Үкімет 2000 жылдан бастап кәсіпкер әйелдерді қолдау жөнiндегi шараларды жүзеге асырып келедi. Ондаған мың әйелдер жеңiлдетiлген несиелер алып, өздерiнiң бизнестерiн ашты. Алты жылдың iшiнде «Шағын кәсіпкерлікті дамыту» қоры қаржысының 2 млрд. теңгесі игерілді. 2008 жылы әйелдер басқаратын 61 шаруа қожалықтары ауылдық несиелік серіктестіктер желісі бойынша несиелер алды. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры әйелдерге сомасы 3 млрд. теңгеге жуық 10 мыңдай несие берді», - деді Н. Назарбаев. Президент сонымен қатар Қазақстанда әйелдерге ерлермен бірге мемлекетті бақару істеріне қатысуға мүмкіндік беретін барлық жағдай жасалғанын айтып, әйелдердің саяси көшбасшылығын күшейту жөнiнде ауқымды жұмыстар жүргiзiлгенiн жеткiздi. «Осы фактілердің бәрінде Ұлттық комиссияның құрамында жұмыс iстегендердiң барлығының зор еңбегі бар», - деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Әйелдер белсенділігі Қазақстанның дамуына үлкен үлес қосты, Тәуелсіздіктің барлық жылдарында мен осыны естен шығармай, айтып келемін. Сіздер де өздеріңіздің Президенттеріңізді тек сайлауда ғана емес, іс жүзінде қолдап келесіздер. Сондықтан да қоғамдағы тұрақтылық ең алдымен сіздердің еңбектеріңіздің жемісі», - деді Елбасы [4].

Жоғарыдағыларды атап келе біз Түркия елінің еңбек қатынасындағы әйел мәселесін қарастырғанды жөн көрдік. Түркия елінің еңбек қатынасындағы әйелдердің орны жоғарылауда, оның бір себебі ретінде, әйел азаматтардың жоғарғы оқу орындарын бітіріп, білім алуларын айтуға болады. Бүгінгі таңда Түркияда әйелдердің университетте мұғалімдер үлесі-38,5%, ал профессор әйелдердің үлесі 26%. Инженер, архитектор сияқты техникалық кадрлардың үлесі 14,3%, 53,7% медицина қызметкерлері және 27,6% әйел заңгерлерді құрайды.

Жалпы бағалауға байланысты, Түркияда қызмет атқаратын әйелдердің ішінде ауыл шаруашылық саласында 51,6%, өндірісте 15% және қызмет

көрсету саласында 33% көрсетіп отыр. Жалпы еңбек жағдайына байланысты 100 әйелдің ішінде 14,5 қызмет беруші ретінде жұмыс атқарады, және өздері үшін, 43,8 қызметкер ретінде жұмыс атқарады. Ал 42 кіріс бермейтін отбасылық қызметті атқарады.

1942 жылы құрылған Түрік әйелдерінің одағы көптеген әйелдерге мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне араласуға мүмкіндік берді, сонымен қатар оларға ерлермен теңдей қызмет атқаруға жол ашты. 1980 жылдың соңына қарай ұйымдардың көлемі өсті, сонымен қатар олардың атқаратын қызметі кеңеді. Қазіргі таңда біздің елдегідей әйел еңбегін және жалпы әйелдердің құқығын қорғайтын ұйымдардың саны Түркияда 200 ден асты. [5]

Жоғарыда аталған көрсеткіштерге қарағанда көптеген әйел адамдар шағын кәсіпкерлікпен айналысатыны байқалып отыр. Соның ішінде тоқыма, қол өнер қызметін атап кетуге болады.

Түркияда гендерлік белгісі бойынша қызметкерді қызметке таңдау, ер адамдарға қарағанда әйелдерге жалақыны аз төлеу және т.б. деген сияқты нәрселер заңмен қудаланады. Алайда де-факто сақталынбайды. Түркияда 24% жұмыс жасайтын әйелдер. Салыстырмалы түрде бұл көрсеткіш Европада -49 %. Неліктен аталған жұмыс жасайтын әйелдердің деңгейі төмен деген сұраққа ақпарат көздерінен алған мағлұмат бойынша мынадай пікірлер көрсетуге болады. Біріншіден, ақылға қонымды жалақы төлейтін лайықты жұмысты табу мүмкіндігі төмен, екіншіден, орамал таққан әйелдерге көптеген қызметтерге есік жабық. АКДЕР әйелдерге олардың құқықтарын түсіндіруге, конференциялар, симпозиумдар ұйымдасуына тырысады. Өйткені Түркиядағы көптеген заңнамаларға қоғамдық пікірдің ықпалы арқасында өзгерістер енгізілді.[6]

Кез келген адамның кез келген салада еңбек етуге және еңбек шартын жасасу бостандығына құқығы бар; жасына, денсаулығына және жынысына сәйкес келмейтін жұмыстан бас тартуға құқылы; жұмысшылар мен жұмыс берушілердің құқығы ассоциациясын құру, ұжымдық шарт жасау құқығы жарияланды. Бұл саладағы Түркия елінің ең басты заңнамалары болып:

1. Еңбек туралы заң (1971);
2. Теңізшілер туралы заң (1967);
3. Журналисттердің еңбегі туралы заң (1953);
4. Кәсіподақ туралы заң (1983);
5. Ұжымдық шарт туралы заң (1983);
6. Еңбек соттары туралы заң (1950). [7]

7. Еңбек қатынастарына азаматтық құқық актісінің көптеген ережелері қолданылады, соның ішінде міндеттемелік кодексі. Түркия елі 1998 жылдан бері 36 ХЕҰ-ның конвенциясын ратификациялаған. Сонымен қатар еңбек құқығының қайнар көздеріне ұжымдық және жеке еңбек шарттары жатады.

Зерттеуші мамандардың есебінше, үй шаруасындағы төмен етектерінің тамақ дайындау, кір жуу, дүкенге бару, һәм бала тәрбиесімен айналысуына деп жылына 29 мың 800 еуро (6 млн. 556 мың теңге) көлемінде

ақша төленуі қажет екен. Бұл – ай сайын бір әйелге 2 мың еуроның үстінде қаржы керек деген сөз. Мамандар 4000 жұмыссыз адамға сауал жүргізу арқылы үйде отырған әйелдің күн сайын бала тәрбиесіне: киіндіру, тамақтандыру, мектепке апарып-алып қайту, сондай-ақ ұйқыға жатқызуға деп 237 минутын жұмсайтынын анықтаған. Ал, үйдің ішін қағып-сілку, еден мен дәретхана жууға 71 минут керек болса, төсек-орын салу мен жинауға 14 минут, ас дайындауға 63 минут, ыдыс-аяқ жууға 28 минут уақыты кетеді. Егер бұған үй шаруасындағы әйелдің күнделікті тұтыну заттарын сатып алу үшін супермаркетке бару жұмысын есептесеніз, аптасына 89 минут қажет екен. Сондай-ақ, сауалнамаға жауап берген төмен етектерінің 71 пайызы үйдегі тірліктен гөрі белгілі бір мекемеде толық жұмыс күнін атқаруды оңай көретінін айтқан. Ал, олардың 66 пайызы үйдегі еңбегін жақындарының толық бағаламайтыны жайлы шағынған деседі. Міне, елімізде жүргізіліп жатқан гендерлік саясаттың «жемісі».

Заң газетінің №134 санында «Қазақстан Республикасындағы адам құқығы жағдайлары туралы» халықаралық баяндаманың корсетілімі барысында Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшесі Тастемір Абишев әр әйелдің зейнетке қай жасында шыққысы келетінін өз еркінде болу тұжырымдамасын айтты. Яғни, әр әйелдің зейнетке шығу жасын өз таңдауымен болатынын көздеп, ер адамдармен тең дәрежеде шығу мәселесін көрсетіп отыр. Алайда бұл жағдайда да көптеген мәселелер туындайды, соның ішінде егер әр әйел адам қызметін зейнет жасынан кейінде жалғастыра беретін болса, жас маман ғалымдардың құқықтары шектелмейме деген ой туындайтыны туралы жазылған[8]. Бұл мақалаға қарай отыра бұл мәселені тек қана бір отырыста ғана емес, сондай-ақ әр түрлі конференцияларда, семинарларда қарастыру қажет.

Бұл зерттеудің қорытындысы ретінде Түркия елінің мен Қазақстан Республикасы әйелдерінің еңбек мәселелері ең маңызды да, көкейкесті мәселелердің бірі болып қала бермек. Заманның өзгеру талабымен, жаңа технологиялардың пайда болуымен әйел затының заманға байланысты білім алып, өзінің қалаған қызметін ешқандай кедергісіз атқаруына жағдай жасалыну керек. Соның ішінде әйел баласының қызмет пен қатар отбасылық боршын қатар алып журу мәселесін мән беруіміз керек.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Виноградов М.И. Физиология трудовых процессов. 2-е изд. М., Наука, 1967. – С.39, 438.
- 2.Доклад о ситуации с правами человека в Республике Казахстан. Комиссия по правам человека при Президенте Республике Казахстан в 2009 году. Астана, 2009. – 168 б.
- 3.2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары. Жалпы ред.басқ. Тастемір Әбішев, Сағынбек Тұрсынов – Астана, 2009. – 136 б.

4. www.damu.kz
5. www.welcome-turkish.ru
6. www.turkishnews.ru
7. www.kommentarii.org
8. Юридическая газета // 16 сентября 2011 г. № 134 (2/24), 1-2 б.б.